

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Үржар ауданы Ақжар ауылдық округіне қарасты "Тұрсынхан" шаруа қожалығына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Ақжар ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 04 ақпандағы № 44 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Ақжар ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 29 қазандағы № 131 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 қарашада № 7767 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілері туралы" Заңының 46 бабының 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Үржар аудандық аумақтық инспекциясы басшысының м.а. 2020 жылдың 25 қыркүйектегі №314 ұсынысы негізінде Ақжар ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Ірі қара малдар арасында шыққан сарып індетінің ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Үржар ауданы Ақжар ауылдық округіне қарасты "Тұрсынхан" шаруа қожалығына қабылданған шектеу іс шаралары тоқтатылсын.

2. Үржар ауданы Ақжар ауылдық округ әкімінің 2020 жылғы 04 ақпандағы № 44 "Үржар ауданы Ақжар ауылдық округіне қарасты "Тұрсынхан" шаруа қожалығына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Ақжар ауылдық округі Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Үржар ауданы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілсін;
- 3) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Үржар ауданының әкімдігінің интернет-ресурстарында орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ауыл әкімі

Т. Усаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК